



БҰЙРЫҚ

№ 07-12/25
30.01.2026ж

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ _____

город Астана

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шеңберінде әртістік қызметке өнерпаздарды жұмысқа қабылдау Ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі және Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ заңының 1 тарауының 10 бабына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. Көркемдік кеңес отырысының 2026 жылғы 22 қаңтардағы №4 хаттамасымен келісілген Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шеңберінде әртістік қызметке өнерпаздарды жұмысқа қабылдау туралы Ереже қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімінің инспекторы комплаенс-офицері Е.А.Тилепбердиев осы бұйрықпен шығармашылық ұжымдардың басшыларын таныстырсын.

3. Маркетинг бөлімі ұжымның сайтында, ақпараттық желілерде жариялауды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Директор

А. Абдуалиев

«169» 30.01 2026 ж.

«Роза Бағланова атындағы
«Қазақконцерт» мемлекеттік
академиялық концерттік ұйымы»
РМҚК директоры
А. Абдуалиевке

Қызметтік хат

Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі және Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңының 1 тарауының 10 бабына сәйкес, еңбек дауы мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында үйлестіру, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуды, анықтауды, жолын кесуді, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша болдырмау мақсатында, Көркемдік кеңес отырысының 2026 жылғы 22 қаңтардағы №4 хаттамасымен келісілген Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шеңберінде әртістік қызметке өнерпаздарды жұмысқа қабылдау туралы Ережені бекітуіңізді сұраймын.

Қосымша: Ереже 3 парак

Комплаенс-офицер



Е.А. Тілепбердиев

2026 ж. « 30 » 01
№ 07-12/25 бұйрыққа қосымша

Ереже Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасы Заңының (2015 жылғы 18 қараша № 410-V) 1 тарауының 10 бабына сәйкес, еңбек дауы мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында үйлестіру, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуды, анықтауды, жолын кесуді, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша болдырмау мақсатында мекемедегі шығармашылық ұйымдарға қаржылық қолдау көрсетудің қолданыстағы тәртібін қайта қарау және әртістік қызметке өнерпаздарды қабылдау туралы

Ереже

1. Шығармашылық ұжымдарға әртістік қызметке музыканттарды орындаушылығы мен кәсіби шеберлігін анықтай отырып қабылдау жөніндегі Комиссия (Бұдан әрі Комиссия) құрылады. Комиссия ұжымдағы белгілі музыка өнеріне еңбегі сіңген лауазымды тұлғалардан құрылады. Комиссия құрамы 3-5 адамнан тұрады. Комиссия мүшелерін ұйым Әкімшілігі (бұдан әрі Әкімшілік) бекітеді. Комиссия құрамына Қазақконцертте қызмет ететін, шығармашылық кәсіби біліктілігі мен орындау шеберлігі жоғары, мемлекеттік марапатқа ие тұлғалар тағайындалады. Комиссия құрамы комиссия мүшелерінен ұсыныс болған жағдайда сыртта жүрген өнер саласындағы білікті, Мемлекеттік марапаттарға ие тұлғалармен қызметтік хат арқылы кеңейтіледі.
2. Қазақконцерттің шығармашылық ұжымдарының көркемдік жетекшілерінің өтінішімен, қызметтік хат арқылы әкімшілік әр айда бір рет, қажетті жағдайда екі реттен көп емес жұмысқа музыкант әртіс қызметіне орындаушылық кәсіби шеберлігін анықтай отырып, қабылдау үшін әр айдың соңғы аптасының бір күніне (немесе қажетті жағдайда екі реттен көп емес) комиссия шақырылады.
3. Комиссия мүшелері жұмысқа қабылданған музыканттан кәсіби білім деңгейін, орындаушылық шеберлігін, нотаны бірден оқу қабілетін, сахна мәдениетін бағалаумен қатар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл саясатын және корпоративтік әдеп пен мінез құлық мәселелерін сақтауын талап етеді.
4. Комиссия мүшелері Қазақконцерттің құрамындағы шығармашылық ұжымдарға көркемдік кеңестердің ұсынысымен ваканттық орынға қабылданатын музыканттардың алған білімі, біліктілігі мен орындаушылық қарым-қабілетін анықтап, жұмыс берушіге шешім қабылдау үшін хаттама толтыру арқылы жұмысқа қабылдауды ұсынады. Шығармашылық ұжымның өз құзыретінде ұжымдық көркемдік кеңес іріктеуінен өткен бос орынға үміткер музыканттарды комиссия қарауына ұсынуға құқылы.
5. Комиссия құрамына мүдделер қақтығысын бақылау, алдын алу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті дамыту мақсатында Көркемдік кеңес мүшелерінің қатарына комплаенс-офицері кіреді;
6. Комиссия мүшесі, егер ол лауазымға үміткер адамдардың кез келгенінің туысы, жұбайы немесе қайын жұрты, қандайда бір туыстық қарым-қатынасы комиссия отырысында қарауға және дауыс беруге қатыса алмайды;

7. Комиссия жұмысқа қабылданған музыканттың кәсіби білім деңгейін, орындаушылық шеберлігін, нотаны бірден оқу қабілетін, сахна мәдениетін бағалайды.

8. Комиссия мүшелері жұмыс берушіге жұмысқа қабылданған музыканттардың санаты мен кәсіби шеберлікке төленетін ақының пайыздық мөлшерін анықтап, ұжымдардың көркемдік жетекшілері, әкімшілері және бас директерлерінің ұсынысымен қоса беруге құқылы. Егер әртістің орындаушылық кәсіби шеберлігі, жұмыс істеу тәртібі мен қабілеті төмендеген жағдайда ұжымның көркемдік жетешісі, әкімшісі және ішкі көркемдік кеңесте талқылап әкімшілікке ұсыныс бере алады.

9. Орындаушылық кәсіби шеберлікке берілетін үстем ақы біліктілікке, еңбек өтіліміне сәйкес:

- 40 - 50 %
- 30 - 40 %
- 20 - 30 % пайыздармен бекітіледі.

10. Шығармашылық ұжымдарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алуға, мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында Пайыздардық белгілеу талаптары төмендегідей ретпен белгіленеді:

а) Күрделі және жекелеген партияларды орындайтын және оркестрде маңызды рөл атқаратын (концермейстер), әр топпен жұмыс атқаратын әртістердің жалақысына 40-50% кәсіби шеберлігі үшін үстемеақы белгілеу ұсынылады. Өйткені күрделі музыкалық тапсырмаларды орындау кезінде олардың ерекше кәсібилігі, ұзақ жылғы тәжірибесі, еңбек өтілімі, атақ-даңқы және жауапкершілігін ескеру тиімді.

б) Күрделі шығармаларды орындайтын және ұқсас музыкалық аспаптарда ойнайтын әртістерге лауазымдық жалақысына 40-50% мөлшерінде кәсіби шеберлігі үшін үстемеақы белгілеу ұсынылады. Бұл үстемеақы олардың жоғары деңгейдегі кәсібилігі мен әртүрлі ұқсас аспаптарда орындауға шебер бейімделу қабілетінің негізінде болуға тиіс.

в) Оркестрде жекелеген партияларды орындайтын әртістердің лауазымдық жалақыларына 30-40% мөлшерінде кәсіби шеберлігі үшін үстемеақы белгілеу ұсынылады. Бұл үстемеақы бүкіл ұжымның табысының ажырамас бөлігі болып табылатын күрделі және жауапты партияларды орындау кезінде көрінетін кәсібилік пен жауапкершіліктің жоғары деңгейіне негізделуі тиіс.

г) Тәжірибе мен кәсібиліктің жоғары деңгейіне сүйене отырып, ұжымның көркемдік мақсаттарына қол жеткізуге өзіндік үлес қосқан жеке әртістердің, шығармашылық топтардың ішіндегі әртістердің лауазымдық жалақысына да 30-40% мөлшерінде кәсіби шеберлігі үшін үстемеақы белгілеу ұсынылады.

ғ) Кәсіби шеберлігі үшін жеке әншілер мен өнерпаздарға лауазымдық жалақыға 20-30% мөлшерінде үстемеақылар белгілеу ұсынылады. Бұл үстемеақыны алатындар да күрделі партияларды орындайды, оркестр жұмысында маңызды рөл атқарады, кәсіби шеберлік пен музыкалық шеберліктің жоғары деңгейін көрсете отырып, біртұтас және теңдестірілген дыбыс шығаруға айтарлықтай үлес қосады.

д) Негізгі партияларды тұрақты орындайтын және оркестрдегі негізгі міндеттерді орындайтын әртістерге де лауазымдық жалақысына 20 – 30% мөлшерінде кәсіби шеберлігі үшін үстемеақы белгіленеді. Бұл музыканттар орындаудың жалпы

деңгейін сақтауда және ұжым жұмысының тұрақтылығын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

11. Пайыздық үстемақыларды алатындар тізімін ұжым ай сайын, немесе тоқсан сайын ұжым әкімшілері дайындап, жетекшілері мен комиссия мүшелері мақұлдаған соң, заңгердің қолы қойылып, Директордың бұйрығымен бекітіледі.

**«Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт»
мемлекеттік академиялық концерттік ұйымының
комплаенс офицері**



Е. Тілепбердиев